

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже стационарлық емдеу-алдын алу, оңалту және басқа денсаулық сақтау үйымдарында (бұдан әрі - медициналық үйымдар) емдеу курсынан өтіп жатқан мүгедек балалар үшін оқу сабактарын үйымдастыру тәртібін белгілейді.

Балалардың жалпы орта білім алуын жүзеге асыру мақсатында аудандық (қалалық) білім және денсаулық сақтау бөлімдері медициналық үйымдарда емделуде жатқан оқушыларды оқытуды үйымдастырады.

2. Оқу және тузыту сабактары стационарлық алдын-ала сауықтыру немесе реабилитациялық мекемелерде емдеу курсынан өтуші мүгедек балалар үшін жалпы міндетті білім мен арнайы мектеп білім беру үйымдарының бағдарламалары көлемінде үйымдастырылады.

3. Керекті құрал-жабдықты базасы бар мектептер олардың денсаулығын ескере отырып, еңбекке оқытуды үйымдастырады.

2. Емдеу үйымдарында оқыту үйымдастыру

4. Медициналық үйымдар жаңындағы мектептерде оқу-тәрбиелеу жұмысын тікелей үйымдастыру және басшылықты педагогикалық бөлім менгерушісі жүргізеді.

5. Сабактар емдеуші дәрігердің бір айдан аса көрсетілген ауруханада емделуден өту керектігі жөніндегі қорытындысына сәйкес I-X (XI) сынып оқушыларымен жүргізіледі.

6. Оқыту сабактары баланың денсаулық жағдайына байланысты балалардың ауруханаға түсken кезінен басталады.

7. Сабактардың оқыту мерзімі барлығы үшін 35 минут, бірінші сыныпта - 25 минут. Ревматизммен ауыратын балалар 5 медициналық тәртіпке болады, балалармен жұмысты жоспарлауда осы тәртіптердің әр қайсысына анықталған педагогикалық бағыт сәйкестендіріледі.

8. Оқушыларды оқыту жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасы және арнайы тузыту үйымдары бойынша жүргізіледі.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға педагог-логопед, педагог-дефектолог, педагог-психологтар арнайы тузыту (толықтыру) көмегі көрсетіледі.

9. Оқушылармен оқу жұмысын үйымдастыру топтық және жеке нысанда белгіленеді. Топтық сабактар бір сынып оқушыларының саны 4-5 болған жағдайда үйымдастырылады. Бөлімді I-IX сынып оқушылар саны 4-15 болған жағдайда үйымдастырылады.

4-9 (11), 5-10 (11) сынып оқушылары екі сыныптан құрылған (4(5)-5-6, 6-7, 7-8, 8-9) топтық сабактар үйымдастырылады.

10. Ауру балаларды оқытуды үйымдастыру нысанын және сабактың басталуын баланың денсаулық жағдайына қарай аурухана бөлімшесінің менгерушісі емдеуші дәрігермен бірге анықтап, сырқатнамаға (N 003 у нысан) тиісті жазады.

11. Педагогикалық ұжым оқу-тәрбие жұмысын балалардың денсаулық жағдайы туралы деректерді ескере отырып, аурухананың бас дәрігерінің келісімі бойынша кесте бойынша құралады. Құнделікті оқу жүктемесі бір окушыға 3-3,5 оқу сағаттарынан аспауы керек.

12. Ауруханада емделуден өтіп жатқан оқушыларды оқыту сабактарына